

**Екібастұз қалалық мәслихатының 2009 жылғы 20 қаңтардағы (IV шақырылған кезектен тыс XII сессия) "Кәсіпкерлік қызметтің жеке түрлеріне арналған сомалық салықтың тіркелген ставкалары туралы" N 132/12 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Павлодар облысы Екібастұз қалалық мәслихатының 2009 жылғы 17 наурыздағы N 155/15 шешімі. Павлодар облысы Екібастұз қаласының Әділет басқармасында 2009 жылғы 30 сәуірде N 229 тіркелген. Күші жойылды - Павлодар облысы Екібастұз қалалық мәслихатының 21.08.2014 N 258/31 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Екібастұз қалалық мәслихатының 21.08.2014 N 258/31 шешімімен.**

Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Кодексінің (Салық Кодексі) 422-бабы, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағы 14) тармақшасы негізінде, қалалық мәслихат **ШЕШТІ:**

1. Екібастұз қалалық мәслихатының 2009 жылғы 20 қаңтардағы (IV шақырылған кезектен тыс XII сессия) "Кәсіпкерлік қызметтің жеке түрлеріне арналған салық сомасының тіркелген ставкалары туралы" (нормативтік құқықтық актілер Тізілімінде N 12-3-218 тіркелген, 2009 жылдың 2 ақпанда N 6 "Отарқа" газетінде, 2009 жылдың 5 ақпанда N 6 "Вести Экибастуза" газетінде жарияланған) N 132/12 шешіміне келесі толықтырулар енгізілсін:

1) шешімнің 1-тармағы "бір ойыншымен ойын жүргізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы - 2 айлық есептік көрсеткіш" 4-тармақшамен және "бірнеше ойыншының қатысуымен ойын жүргізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы – 2 айлық есептік көрсеткіш" 5-тармақшамен толықтырылсын.

2. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

хатшысы	Сессия Қалалық	төрағасы мәслихат	В. Ф. Балтабекова	Егер
---------	-------------------	----------------------	----------------------	------

